

БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

«Босану, босанудан кейінгі кезеңдегі қан кету»ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/62975/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Пән: «Акушерия»**Оқытушы: Наримова Л.С****Тақырыбы: «Босану, босанудан кейінгі кезеңдегі қан кету»****Мамандығы:**

«Емдеу ісі» Біліктілігі «Акушер»

Сабақтың түрі:

клиникаға дейінгі тәжірибелік

сабақ.

Сабақтың әдісі:

Дағдыны бағалау алгоритмі,

карточкалар, тестілер

терминдер, графикалық

диктант,

Сабақтың өтетін орны: 502 «Акушерия және гинекология»

(клиникаға дейінгі кабинет)

Оқушы саны: 8

Сабақтың ұзақтығы: 270 мин

Пән ішілік байланыс:

1.«Акушерия» «Геморрагиялық шок»,

2 .«Жүктіліктің II жартысындағы қан кету

(плацентаның алда жатуы, қалыпты

орналасқан плацентаның мезгілінен ерте

ажырауы)»

Пән аралық байланыс:

1. «Қалыпты анатомия» — «Әйелдер жыныс

мүшесі»

2. «Хирургия» — «Қан кету »

3. «Мейірбике ісі негіздері»- «Медициналық құралдарды залалсыздандыру алдындағы тазалау кезеңдері»

Сабақтың көрнекілігі: кушетка, медициналық құрал-

саймандар:

Куско, қасықша тәрізді айналар, корнцанг, бүйрек тәрізді лоток, бір

реттік система, дәрі-дәрмектер, бір рет қолданатын резенке қолғап, КБУ

сары қорап, дезинфекциялық ерітінді, төсеніш, жолдама, презентация,

стандарттар, үлестірме карточкалар, бейне таспа.

Сабақтың дамытушылық мақсаты:

Еріктілікті дамыту, қабілеттік пен белсенділік, танымдық қиыншылықты

жеңуге тырысу. Оқушылардың фантомда, іс-әрекеттерді жасау арқылы

машықтану, іздену, өз бетімен жұмыс жасау қабілетінің арттыру және

дамыту.

Сабақтың білімділік мақсаты:

Оқушының жеке тәжірибесінің жоқтығын ескере отырып, үйренетін

практикалық іс-әрекеттерді тұрғыда зерттеу, жаттықтырушылық әрекетті

оқып, білімін пысықтауға үйрету. Оқушыларға «Босану, босанудан

кейінгі кезеңде қан кетулер» тақырыбына жаңа көз қарастар бойынша

толық ақпарат беріп отыру.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты:

Оқушылардың өз мамандығына деген сүйіспеншілікке, мейірімділікке,

жауапкершілікке және жұмыс жасаған кезде медициналық этика және

деонтологияны сақтауға, науқастарға жаңашылықпен қарауға тәрбиелеу;

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Р.С.Бейсембаева, Ә.Т.Раисова., Р.Ғ.Нұрқасымова «Акушерия» «Білім» Алматы 2004ж.
2. Р.Ә.Көзденова., Н.К.Сеитмәмбетова «Акушерлік және гинекологиядағы мейірбикелік күтім» «Ғылым» Алматы 2002ж.
3. Р.С.Бейсембаева., Ә.Т.Раисова., Р.Ғ.Нұрқасымова., Н.Н.Ошибаев «Акушерлік таным» «Білім» Алматы 1994ж.

Сабақтың хронокартасы:

I. Ұйымдастыру кезеңі – 3 мин;

II. Практикалық іс-әрекеттерді түсіндіру – 60мин;

III. Оқушылардың өз бетімен жұмысы – 100 мин;

IV. Оқушылардың білімдерін, практикалық іс-әрекеттерді меңгеруін

тексеру – 95 мин;

1. Үйренген практикалық іс-әрекеттерді көрсете білу- 50 мин;
 2. Карточкалармен жұмыс- 10 мин;
 3. Медициналық терминология — 5 мин;
 4. Тест тапсырмасын орындау-10минут
 5. Графикалық диктант-10 минут
 6. Рольдік ойын-10 минут
- V. Сабақты қорытындылау – 10 мин;
Үйге тапсырма-2 минут;

№	Жұмыстың мазмұны	Әдістемелік нұсқау	Көрнекіліктер
I	Ұйымдастыру кезеңі	Оқытушының студенттермен сәлемдесуі, сабаққа қатысты тексеру, кабинеттің дайындығын тексеру. Студенттің сырт келбетіне қарау.	Сабаққа қатысты көрнекті құрал-саймандарды дидактикалық материалдарды дайындау.
II	Практикалық іс-әрекеттер бойынша сабақ түсіндіру	Тақырыпқа байланысты алдына алған дағдыларды практикалық іс-әрекеттерді тәжірибе жүзінде фантомда көрсетіп түсіндіру. Бейне жазба арқылы сабақ түсіндіру. Манипуляциялық дәптерге практикалық іс-әрекеттерді жазу.	Практикалық сабаққа қатысты құрал жабдықтар. Практикалық іс-әрекет тізімі.орындау алгоритмі
III	Өз бетімен жұмыс	Студенттер стандарттар ,бейне таспа бойынша, оқытушының жаңа сабаққа көрсеткен практикалық іс-әрекеттерді өз бетімен жасап, жаттығады, өз ойларын жинақтауға уақыт беріледі.	Практикалық іс-әрекеттерді жасап, көрсетуге арналған құрал жабдықтар, іс-әрекеттер алгоритмі беріледі
IV	Оқушылардың білімдерін, практикалық іс-әрекеттерді меңгеруін тексеру.	1.Үйренген практикалық іс-әрекеттерді көрсете білу 2.Карточкалар жазу 3.Медициналық терминалогия орындау 4.Тест орындау 5. Графикалық диктант 6.Рольдік ойын ойнау	Үлестірме карточкалар, мүсіндер

V	Сабақты қорытындылау	Оқытушы сабақты қорытындылау кезінде, топ студенттерінің сабаққа дайындығы жөнінде жалпы баға береді. Сабаққа белсене қатысып отырған студенттерді мадақтайды. сабақты қорытындылайды.	Бағалау диаграммасы Түрлі түсті шеңберлер
	Үйге тапсырма	Іс-әрекеттерді үйде қайталап үйрену керектігін айтады.	

Босанудың III кезеңінде және босанудан кейінгі ерте кезеңде қан шығының анықтау

Мақсаты: оқу курсының соңында студенттер әрбір қадамдарды жеңіл және

дұрыс, берілген уақытта орындай алуы тиіс.

Қажетті құрал-жабдықтар: Рахманов креслосы, фантом, лоток,

бөліктері бар ыдыс, дезинфекциялық ертінділер.

Қадамдар:

1. Бала туғаннан кейін әйел жамбасының астына қан жинауға арналған

бүйрек тәрізді лоток қояды.

2. Бала жолдасы туғаннан кейін жиналған қанды бөліктері бар ыдысқа

құяды.

3. Әйелдің сыртқы жыныс мүшелерін әдеттегідей өңдеген соң, босану

жолдарын қарап тексереді, қажет болса тігіс салады. Жиналған қанды бөліктері бар ыдысқа құйып алады. Қанға дезинфекциялық ерітінді қосылмау үшін жыныс мүшелерін өңдеу және босану жолдарын қарап тексеру, тігіс салу алдында бүйрек тәрізді лотокты алып отыру қажет.

4. Босанудан кейінгі ерте кезеңде қан шығынын анықтау үшін бүйрек

тәрізді лоток әйелдің жамбасының астына қойылады.

5. Екі сағат өткесін, босанудан кейінгі бөлімшеге әйелді ауыстыру алдында кеткен қан мөлшерін анықтайды.

6. Босану тарихына қан шығынын жазады,оның құрамына кіреді:

7. плацентаның ажырап шығуы кезінде кеткен қан мөлшері;

8. босану жолдарын тексерудегі қан шығыны;

9. босанудан кейінгі бөлімшеге ауыстыруға дейінгі қан шығыны;

**Босанудың III кезеңінде және босанудан кейінгі
ерте кезеңде қан шығының анықтау дағдысын бағалауға
арналған парақ**

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент: А.Ж.Ә және	Станция:
Қолы:	
Оқытушы: А.Ж.Ә және	Дата:
Қолы:	
№ Қадамдар	Ия Жоқ
1. Бала туғаннан кейін әйел жамбасының астына қан жинауға арналған бүйрек тәрізді лоток қойды.	
2. Бала жолдасы туғаннан кейін жиналған қанды бөліктері бар ыдысқа құйды.	
3. Әйелдің сыртқы жыныс мүшелерін әдеттегідей өңдеген соң, босану жолдарын қарап тексерді, қажет болса тігіс салды. Жиналған қанды бөліктері бар ыдысқа құйып алды. Қанға дезинфекциялық ерітінді қосылмау үшін жыныс мүшелерін өңдеді және босану жолдарын қарап тексерді, тігіс салу алдында бүйрек тәрізді лотокты алды.	
4. Босанудан кейінгі ерте кезеңде қан шығынын анықтау үшін бүйрек тәрізді лоток әйелдің жамбасының астына қойды.	
5. Екі сағат өткесін, босанудан кейінгі бөлімшеге әйелді ауыстыру алдында кеткен қан мөлшерін анықтады.	
6. Босану тарихына қан шығынын жазды, оның құрамына кіреді:	
7. плацентаның ажырап шығуы кезінде кеткен қан мөлшері;	
8. босану жолдарын тексерудегі қан шығыны;	
9. босанудан кейінгі бөлімшеге ауыстыруға дейінгі қан шығыны;	

Ұпайдың максимум саны: 9 (100%) жинаған ұпай саны _____
(_____%)

Босану кезіндегі қан шығынын өлшеу

Мақсаты: қан шығынының көлемін өлшеу.

Қажетті құрал-жабдықтар : өлшемі бар ыдыс, лоток, таразы, жаялықтар, қолқаптар.

Қадамдар:

1. Босанудың үшінші кезеңінде босанушының жамбасының астына лоток қойып, оның ішіне кіндік бауының ұшын жібер (лотокты қан жинау үшін қоямыз).
2. Лотоктағы қанды өлшемі бар ыдысқа құяды, кеткен қан көлемін анықтайды.
3. Қан сіңген жаялықты өлшейді, құрғақ жаялықтың салмағын алып тастайды.
4. Қан шығынының жалпы көлемін анықтайды, 100 мл. қан 125 грамм болады.
5. Физиологиялық қан шығыны 500 мл.-ға дейін.
6. Қан шығынының жалпы көлемін босану тарихына жазады.

Босану кезіндегі қан шығынын өлшеу дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Оқытушы:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Станция:

Дата:

№ Қадамдар

Ия Жоқ

1. Босанудың үшінші кезеңінде босанушының жамбасының астына лоток қойып, оның ішіне кіндік бауының ұшын жібер (лотокты қан жинау үшін қойды).
2. Лотоктағы қанды өлшемі бар ыдысқа құйды, кеткен қан көлемін анықтады.
3. Қан сіңген жаялықты өлшеді, құрғақ жаялықтың салмағын алып тастады.
4. Қан шығынының жалпы көлемін анықтады, 100 мл. қан 125 грамм болады.
5. Физиологиялық қан шығыны 500 мл.-ға дейін.
6. Қан шығынының жалпы көлемін босану тарихына жазды.

Ұпайдың максимум саны: 6 (100%) жинаған ұпай саны _____
(_____%)

Босанудан кейінгі қан кетулерде акушерканың (медбикенің) іс — әрекеті

Мақсаты: Күттірмейтін көмек көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар : босану бөлмесі жабдықтары, жатыр мойнын қарайтын жиынтық, тонометр; фонендоскоп; секундомер, термометр; көктамыр катетерлері №16-18, окситоцин, физиологиялық ерітінді, резеңке зәр катетері, корцангтар, түтікшелер, мақта және дәке дөңгелекшелері, мақта тампондар, 5,0 , 10,0 мл. бір реткі шприцтер, 70% спирт.

Қадамдар:

1. Қолы бос қызметкерлерді жұмылдырады (шақыру):

- акушер – гинекологты;
- анестезиологты;
- лаборантты .

2. Әйелдің жағдайын бағалайды:

- артериялық қысымын;
- пульсін;
- температурасын;
- тері жабындыларын;
- тыныс алу жиілігін;
- қан шығынын бағалайды .

3. Перифериялық веналарға катетерлеу жүргізеді (№16. 18 катетер).

4. Қан шығынының көлемінің 3:1 қатынасындай көк тамырға ағызып

физиологиялық ерітіндіні енгізеді (құю жылдамдығы 15 мин. ішінде

1000,0 мл).

5. Қуықты катетерлеуді жүргізеді.

6. **Төрт «Т»** принциптері бойынша себептерін анықтайды.

* **Травма** - аралықтың, қынаптың, жатыр мойнының жыртылуларын тігеді.

* **Тромбин** - егер лаборант жоқ болса, төсектік тест жүргізеді (түтікшеге

қан жинайды, оны жайлап тербете отырып , ұюдың пайда болуын күтеді ,

қалыпта 5 мин).

* **Ткань** -бала жолдасының ақауы болса, қабықтардың қалдықтары болса

жатыр қуысын қолмен тексереді.

* **Тонус** - жатырдың гипотониясында, атониясында:

— жатырға сырттай уқалау жүргізеді;

— көк тамырға 5 ЕД окситоцинді 500,0 мл. физиологиялық ерітіндіде

минутына 60 тамшыдан 25 - 30 минут бойы енгізеді. Окситоцинді

енгізудің ең жоғарғы мөлшері — 60ЕД, босанудан кейінгі 1 минут ішінде

қан кетудің алдын алу үшін бұлшық етке енгізілген 10ЕД есептей

отырып .

— жатырды бимануальды қысуды жүргізеді: қолыңызға стерильді

қолқапты киіп қынапқа енгізеді, қолды жұдырықтап, жұдырығын

алдыңғы күмбезге орналастырады және жатырдың алдыңғы қабырғасын

басады, екінші қолымен іштің алдыңғы пердесі арқылы жатырдың

артқы қабырғасын қынапқа енгізілген қолға қарай бағыттап қысады ,

қысуды қан тоқтағанша және жатыр жиырыла бастағанша жалғастырады.

7. Әйелді жылытыңыз, ылғалды жаялықтарды алып тастаңыз, жылы

жапқышпен жабады, дене қызуын өлшейді.

8. Іш қолқасын кіндіктен солға қарай басуды жүргізеді . Осы қалыпта ота

жасау бөліміне тасымалдайды.

9. Перинаталды орталыққа , бас акушер – гинекологқа ақпарат береді

(тәулік бойы).

Босанудан кейінгі қан кетулерде дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:

Станция:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Оқытушы:

Дата:

А.Ж.Ә және

Қолы:

№ Қадамдар

Ия Жоқ

1 Қолы бос қызметкерлерді шақыру:

- акушер – гинекологты;
- анестезиологты;
- лаборантты .

2 Әйелдің жағдайын бағалайды:

- артериялық қысымын;
- пульсін;
- температурасын;
- тері жабындыларын;
- тыныс алу жиілігін;
- қан шығынын бағалайды.

3 Перифериялық веналарға катетерлеу жүргізеді
(№16. 18 катетер).

4 Қан шығынының көлемінің 3:1 қатынасындай көк тамырға Ағызып физиологиялық ерітіндіні енгізіңіз (құю жылдамдығы 15 мин. ішінде 1000,0 мл).

5 Қуықты катетерлеуді жүргізді.

6 **Төрт «Т»** принциптері бойынша себептерін анықтады.

Травма - аралықтың, қынаптың, жатыр мойнының жыртылуларын тігеді.

Тромбин - егер лаборант жоқ болса, төсектік тест жүргізіңіз (түтікшеге қан жинайды, оны жайлап тербете отырып, ұюдың пайда болуын күтеді, қалыпта 5 мин).

Ткань - бала жолдасының ақауы болса, қабықтардың қалдықтары болса жатыр қуысын қолмен тексереді.

Тонус - жатырдың гипотониясында, атониясында:

— жатырға сырттай уқалау жүргізеді;

— көк тамырға 5 ЕД окситоцинді 500,0 мл.

физиологиялық ерітіндідеминутына 60 тамшыдан 25 - 30 минут бойы енгізеді.

Окситоцинді енгізудің ең жоғарғы мөлшері — 60ЕД, босанудан кейінгі 1 минут ішінде қан кетудің алдын алу үшін бұлшық етке енгізілген 10ЕД есептей отырып.

— жатырды бимануальды қысуды жүргізіңіз: қолыңызға стерильді қолқапты киіп қынапқа енгізеді, қолыңызды жұдырықтайды, жұдырығын алдыңғы күмбезге орналастырады және жатырдың алдыңғы қабырғасын басады, екінші қолымен іштің алдыңғы пердесі арқылы жатырдың артқы қабырғасын қынапқа енгізілген қолға қарай бағыттап қысады, қысуды қан тоқтағанша және жатыр жиырыла бастағанша жалғастырады.

7 Әйелді жылытады, ылғалды жаялықтарды алып тастайды, жылы жапқышпен жабады, дене қызуын өлшейді.

8 Іш қолқасын кіндіктен солға қарай басуды жүргізді. Осы қалыпта ота жасау бөліміне тасымалдады.

Ұпайдың максимум саны: 8(100%) жинаған ұпай саны _____ (_____%)

Бала жолдасын қолмен бөлу және шығару

Отаның мақсаты: бала жолдасын бөлу және шығару.

Көрсеткіштері: плацентаның бөліну белгілері болмай бала жолдасының жатыр қуысында іркілуі; бала жолдасы кезеңінде плацентаның бөліну белгілері болмай қан кету.

Қажетті құрал-жабдықтар : залалсыздандыратын ерітінді , мақта дөңгелекшелері , корцанг , стерильді қолқаптар , зәр катетері , фантом , наркоз беретін аппарат , медикаменттер , стерильді Шприцтер , мұзды мұйық.

Қадамдар:

1. Зәрді катетермен шығарады.
2. Пациенттің отаға келісін алады.
3. Босанушының сыртқы жыныс ағзаларын антисептикалық ерітіндімен өңдеуді жүргізеді (1% иодонат ерітіндісі немесе 2% йод ерітіндісі).
4. Қолды хирургиялық әдіспен өңдейді, стерильді қолқаптарды киеді.
5. Босанушыға жалпы жансыздандыруды жүргізеді.
6. Сол қолдың сұқ және үлкен саусақтарымен кіші және үлкен еріндерін ашады.
7. Оң қолды «конус» сияқты жинап, қынапқа тік өлшеммен енгізеді, содан кейін оның сырт жағын сегізкөзге бұрады. Іштегі қолы қалай ішкі ернеуге кіргенде, сол қолдың алақанын жатыр түбіне қояды және оны ұстайды.
8. Іштегі қолды кіндік бауы бойымен жылжытып, плацента ортасына жеткізіп, содан кейін плацентаның жиегін табады. Алақанның қырымен «арамен кескендей» қимылмен плацентаны жатырдың қабырғасынан бөледі, және плацентаны ұстап оны ішкі ернеуге жеткізеді.
9. Сол қолымен кіндік бауынан тарта отырып, плацентаны босану жолдарынан шығарады және ассистентке тексеруге береді.
10. Оң қолды жатыр қуысында қалдырып және жатыр қуысын бақылау тексеру жүргізуге және қалған ұйыған қандарды алып тастауға.
11. Қолын жатырдан шығарады.
12. Қолқаптарды шешеді, оларды инфекцияның алдын алу

ережесіне сәйкес тастайды.

13. Қолды сабынмен жуады.

14. Көк тамырға жатырды жиырытын дәрілерді енгізіп, іштің алдыңғы пердесіне суық қояды.

Плацентаның қолмен ажыратып шығару дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:

Станция:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Оқытушы:

Дата:

А.Ж.Ә және

Қолы:

№ Қадамдар

Ия Жоқ

1. Зәрді катетермен шығарды.

2. Пациенттің отаға келісімін алды.

3. Босатын әйелдің сыртқы жыныс мүшелерін әдеттегідей өңдейді: 1 пайыз йоданат (йодопирон) ертіндісімен, құрамында йоды бар антисептиктерге реакцияның болуында 70 пайыз этил спиртімен немесе құрамында спирті бар антаисептикпен өңдеді.

4. Қолдарды хирургияда қолданатын әдістердің бірімен өңдеді.

5. Босанушыға жалпы жансыздандыруды жүргізді.

- 6 Сол қолды I және II саусақтарымен жыныс ернеулерін ашты.
- 7 Оң қолдың саусақтарын конус тәрізді жинап, сыртқы жағын сегізкөзге қаратып қынапқа енгізді.
- 8 Сол қолды жатыр түбіне қойып, оң қолға жәрдем берді.
- 9 Кіндік бойымен оң қолды қынапқа енгізіп, плацентаға дейін жетті. Плацента жиегін тапты. Оң қол саусақтарының ұштарын плацента мен жатыр қабырғасының арасына орналастырып, аралағандағыдай қимыл жасай отырып плацентаны жатыр қабырғасынан ажыратады. Бұл уақытта сырттағы қолымыз жатыр түбіне демеп басып тұрды.
- 10 Сол қолымен кіндік бауынан тарта отырып, плацентаны босану жолдарынан шығарды және ассистентке тексеруге берді.
- 11 Оң қолыңызды жатыр қуысында қалдырды және жатыр қуысын бақылау тексеру жүргізуге және қалған ұйыған қандарды алып тастауға.
- 12 Қолды жатырдан шығарды.
- 13 Қолқаптарды шешті, оларды инфекцияның алдын алу ережесіне сәйкес тастады. Қолды сабынмен жуды.
- 14 Көк тамырға жатырды жиырытын дәрілерді енгізді, іштің алдыңғы пердесіне суық қойды.

Ұпайдың максимум саны: 14 (100%) жинаған ұпай саны _____ (_____%)

Жатырды бимануальды қысу

Мақсаты: жатырдың гипотониясын / атониясын емдеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: босану бөлмесінің жабдықтары, стерильді қолқаптар, антисептиктер.

Қадамдар:

1. Әйелге процедураның қажеттілігін және барысын түсіндіреді.
2. Қолды сабынмен жуады, оларды антисептикпен өңдейді, стерильді қолқаптарды киіп, қолды қынапқа енгізіп және жұдырықтайды.
3. Жұдырығын алдыңғы күмбезге орналастырады және жатырдың алдыңғы қабырғасын қысады.
4. Екінші қолмен іштің алдыңғы пердесі арқылы , жатырдың артқы қабырғасын қынапқа енгізілген қолға қарай бағыттап қысады ,
5. Қысуды қан тоқтағанша және жатыр жиырыла бастағанша жақсартады.
6. Манипуляция аяқталғаннан кейін қолқаптарды шешеді және Қолды антисептикпен өңдейді.
7. Қолды сабынмен жуады, оларды антисептикпен өңдейді.

Жатырды бимануальды қысу

дағдысын

бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:

Станция:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Оқытушы:

Дата:

А.Ж.Ә және

Қолы:

№ Қадамдар

Ия Жоқ

1. Әйелге процедураның қажеттілігін және барысын түсіндірді.
2. Қолды сабынмен жуды, оларды антисептикпен өңдеді, стерильді қолқаптарды киіп, қолын қынапқа енгізді және жұдырықтады.
3. Жұдырығын алдыңғы күмбезге орналастырды және жатырдың алдыңғы қабырғасын қысты.
4. Екінші қолымен іштің алдыңғы пердесі арқылы , жатырдың артқы қабырғасын қынапқа енгізілген қолға қарай бағыттап қысты .
5. Қысуды қан тоқтағанша және жатыр жиырыла бастағанша жалғастырады.
6. Манипуляция аяқталғаннан кейін қолқаптарды шешеді және ҚЗҮ салады.
7. Қолды сабынмен жуды, оларды антисептикпен өңдеді.

Ұпайдың максимум саны: 7 (100%) жинаған ұпай саны _____
(_____%)

Іш қолқасын басу

Мақсаты: уақытша қан тоқтату.

Қадамдар:

- қолды жұдырықтап іш пердесі арқылы басу (басу нүктесі кіндіктің ортасына және аздап солға қарай) .
- * басудың толықтығын бағалау үшін басқа қолмен сан артериясының пульсын бағалау.

сипап көреді.

* егер пульс анықталса , жұдырықпен басу жеткіліксіз және керісінше.

Ескерту: Босанудан кейінгі ерте кезеңде іш қолқасы іштің алдыңғы пердесі арқылы да жеңіл анықталады.

арқылы да жеңіл анықталады.

Іш қолқасын басу дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:

Станция:

А.Ж.Ә және

Қолы:

Оқытушы:

Дата:

А.Ж.Ә және

Қолы:

№	Қадамдар	Ия	Жоқ
1.	қолды жұдырықтап іш пердесі арқылы іш (басу нүктесі кіндік астында және аздап солға қарай) . басудың толықтығын бағалау үшін басқа қолмен сан артериясы пульсін сипап көрді. егер плс анықталса , жұдырықпен басу жеткіліксіз және керісінше.		
Ескерту: Босанудан кейінгі ерте кезеңде іш қолқасы іштің алдыңғы пердесі арқылы да жеңіл анықталады.			

Ұпайдың максимум саны: 1 (100%) жинаған ұпай саны _____
(_____%)

Шеткі көктамырды катетерлеу дағдысын үйренуге арналған құрал

Мақсаты: оқу курсының соңында студенттер әрбір қадамдарды жеңіл және дұрыс, берілген уақытта орындай алуы тиіс.

Қажетті құрал-жабдықтар: Көктамырды катетерлеуге арналған стандартты жиынтыққа кіреді: стерильді лоток; қолданған материалдар мен қалдықтарға арналған лоток; гепарин ерітіндісі бар шприц (1:100) 10 мл гепарин 0,1 мл (500 бірлік) натрий хлоридтың изотониялық 0,9 % ерітіндісінің 10 мл-не; стерильді мақта мен майлықтар; лейкопластырь немесе жабысқақ таңғыш; тері антисептик;әр түрлі өлшемді перифериялық катетерлер; отуратор, байланыстырушы түтік немесе жалғастырғыш тетік; бұрау; стерильді қолғап; қайшы; лангета; орташа бинт; 3% сутегі тотығы.

Қадамдар:

1. Пациенттен ақпараттандырылған келісім алады.
2. Пациентке ыңғайлы жағдай тыңдауына жәрдемдесіп,

жарық түсуді қамтамасыз етеді.

3. Қолды жуады.

4. Көктамырды катетрлеуге арналған станартты жиынтық орамының бүтіндігін, сақтау метрзімін тексеріп, жиынтықты дайындайды.

5. Көктамыр көлеміне, ерітінді енгізу жылдамдығына көктамырлық терапия өткізу-кестесіне, инфузат тұтқырлығына келетін катетр таңдайды.

6. Көктамырды катетеризациялау орнын белгілейді:

7. Катетерлеудің болжамалы аймағынан 10-15 см жоғары қолға бұрау салады;

8. көктамырға қанның келуін жақсарту үшін пациенттің саусақтарын бүгіп-жазуын сұрайды;

9. көктамырды сипап табады.

10. Қолды антисептикпен өңдеп,стерильді қолғап киеді.

11. Катетерлейтін алаңды 30-60 секунд ішінде антисептикпен өңдейді, кеуіп қалуын тосады.Асептиканы сақтау қажет- өңделген жерге тиіспеу!

12. Катетерлеу өткізудің болжамалы орнынан төменірек көктамырды саусақпен басып, бекітеді.

13. Таңдалынған диаметрлі катетерді алып, қорғаныс қабын шешеді.

14. Индикаторлық камерадақанның пайда болуын қадағалап отырып,инедегі катетерді теріге 15° енгізеді.

15. Индикаторлық камерада қан пайда болғанда инені енгізу бұрышын азайтады және иненің (стиллет-ине) бірнеше миллиметрін көктамырға енгізеді.

16. Инені бекітеді, канюля көмегімен ине бойымен катетерді соңына дейін енгізеді (стиллет-инені уақытша алмайды).

17. Көктамырда тұрған стилет -инені катетерге өткізіп алмай,бұрауды қолдан алады.

18. Қан кетуді азайту үшін көктамырды баса отырып, катетерден инені алып тастайды, қауіпсіздік техникасы бойынша инені жояды.

19. Катетердің қорғаныс қабынан бітеуішті алып катетерді жабады немесе инфузиялық жүйені қосады.

20. Бекітуші таңғышпен катетерді бекітеді.

21. Емдеу мекемесінің талаптарына сәйкес көктамыр катетерлеуін тіркейді.

22. Қалдықтарды қауіпсіздік техникасына сәйкес жояды.

Шеткі көктамырды катетерлеу дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:
А.Ж.Ә және

Станция:

Қолы:

Оқытушы:
А.Ж.Ә және
Қолы:

Дата:

№	Қадамдар	Ия	Жоқ
1.	Пациенттен ақпараттандырылған келісім алды.		
2.	Пациентке ыңғайлы жағдай тыңдауына жәрдемдесіп, жарық түсуді қамтамасыз етті.		
3.	Қолды жуды.		
4.	Көктамырды катетрлеуге арналған станартты жиынтық орамының бүтіндігін, сақтау мерзімін тексеріп, жиынтықты дайындады.		
5.	Көктамыр көлеміне, ерітінді енгізу жылдамдығына көктамырлық терапия өткізу-кестесіне, инфузат тұтқырлығына келетін катетр таңдады.		
6.	Көктамырды катетеризациялау орнын белгіледі:		
7.	Катетерлеудің болжамалы аймағынан 10-15 см жоғары қолға бұрау салды;		
8.	Көктамырға қанның келуін жақсарту үшін пациенттің саусақтарын бүгіп-жазуын сұрайды;		
9.	Көктамырды сипап тапты.		
10.	Қолды антисептикпен өңдеп,стерильді қолғап киді.		
11.	Катетерлейтін алаңды 30-60 секунд ішінде антисептикпен өңдеді, кеуіп қалуын тосады.Асептиканы сақтау қажет- өңделген жерге тиіспеу!		

- 12 Катетерлеу өткізудің болжамалы орнынан төменірек көктамырды саусақпен басып, бекітті.
- 13 Таңдалынған диаметрлі катетерді алып, қорғаныс қабын шешті.
- 14 Индикаторлық камерадақанның пайда болуын қадағалап отырып, инедегі катетерді теріге 15° енгізді.
- 15 Индикаторлық камерада қан пайда болғанда инені енгізу бұрышын азайтады және иненің (стиллет-ине) бірнеше миллиметрін көктамырға енгізді.
- 16 Инені бекітті, канюля көмегімен ине бойымен катетерді соңына дейін енгізді (стиллет-инені уақытша алмайды).
- 17 Көктамырда тұрған стиллет –инені катетерге өткізіп алмай, бұрауды қолдана алды.
- 18 Қан кетуді азайту үшін көктамырды баса отырып, катетерден инені алып тастады, қауіпсіздік техникасы бойынша инені жойды.
- 19 Катетердің қорғаныс қабынан бітеуішті алып катетерді жабады немесе инфузиялық жүйені қосты.
- 20 Бекітуші таңғышпен катетерді бекітті.
- 21 Емдеу мекемесінің талаптарына сәйкес көктамыр катетерлеуін тіркеді.
- 22 Қалдықтарды қауіпсіздік техникасына сәйкес жойды.

Ұпайдың максимум саны: 22 (100%) жинаған ұпай саны

_____ (_____%)

Шеткі көктамырдағы катетерді енгізу дағдысын үйренуге арналған құрал

Мақсаты: оқу курсының соңында студенттер әрбір қадамдарды жеңіл және дұрыс, берілген уақытта орындай алуы тиіс.

Қажетті құрал-жабдықтар: стерильді лоток; қолданған материалдар мен қалдықтарға арналған лоток, стерильді қайшы, шыны түтік

Қадамдар:

1. Шеткі көктамырдағы катетерді алуға арналған стандартты жиынтықты дайындайды.
2. Қолды жуады.
3. Инфузияны аяқтайды, қорғау таңғышты шешеді.
4. Қолды антисептиктен өңдеп, қолғап киеді.
5. Бекітетін таңғышты шеттен ортаға қарай алады.
6. Ақырын, сақтықпен катетерді көктамырдан шығарады.
7. Катетерлеу жасаған орынды стерильді дәке тампонымен ақырын 2-3 минут ішінде басып ұстай тұрады.
8. Катетерлеу жасаған орынды теріге арналған антисептиктен өңдейді.

9. Катетерлеу жасаған жерге стерильді, басып тұратын таңғыш салып, оны бекітеді.
10. Катетер канюлясының бүтіндігін тексереді. Катетердің инфекциялануын күдік туғанда немесе тромбтың болуында дәрігердің нұсқауы бойынша стерильді қайшымен катетердің ұшын кесіп алып, стерильді шыны түтікке салып, бактериологиялық зертханаға жібереді.
11. Құжаттарда катетерді алу уақытын, күнін, себебін белгілейді.
12. Қалдықтарды қауіпсіздік техникасы мен санитарлық-эпидемиологиялық тәртіпке сәйкес жояды.

Шеткі көктамырдағы катетерді енгізу дағдысын бағалауға арналған парақ

Бағалау критерилері

Ия: қадамды дұрыс орындады

Жоқ: қадамды қате орындады немесе орындамады

Студент:
А.Ж.Ә және
Қолы:

Станция:

Оқытушы:
А.Ж.Ә және
Қолы:

Дата:

№	Қадамдар	Ия	Жоқ
1.	Шеткі көктамырдағы катетерді алуға арналған стандартты жиынтықты дайындады.		
2.	Қолды жуды.		
3.	Инфузияны аяқтады, қорғау таңғышты шешті.		
4.	Қолды антисептиктен өңдеп, қолғап киеді.		
5.	Бекітетін таңғышты шеттен ортаға қарай алды.		
6.	Ақырын, сақтықпен катетерді көктамырдан шығарды.		
7.	Катетерлеу жасаған орынды стерильді дәке тампонымен ақырын 2-3 минут ішінде басып ұстай тұрды.		
8.	Катетерлеу жасаған орынды теріге арналған антисептикпен өңдеді.		
9.	Катетерлеу жасаған жерге стерильді, басып тұратын таңғыш салып, оны бекітті.		
10.	Катетер канюлясының бүтіндігін тексереді. Катетердің инфекциялануын күдік туғанда немесе тромбтың болуында дәрігердің нұсқауы бойынша стерильді қайшымен катетердің ұшын кесіп алып, стерильді шыны түтікке салып, бактериологиялық зертханаға жіберді.		
11.	Құжаттарда катетерді алу уақытын, күнін, себебін белгіледі.		
12.	Қалдықтарды қауіпсіздік техникасы мен санитарлық-эпидемиологиялық тәртіпке сәйкес жойды.		

Ұпайдың максимум саны: 12 (100%) жинаған ұпай саны

_____ (_____%)

Карточка №1

1. Қалыпты орналасқан плацента ішкі жатыр мойын тесігінен неше см жоғары орналасқан?
2. Плацентаның төмен орнығуының қандай түрлері бар?

Карточка № 2

1. Плацентаның төмен орнығуының сирек кездесетін түрі?
2. Плацентаның төмен орнығуының клиникалық белгісі?

Карточка № 3

1. Плацентаның төмен орнығуындағы қан кетудің ерекшелігі қандай?

2. Плацентаның мезгілсіз бөлінуінің бастапқы патогенетикалық механизімі?

Карточка №4

1. Плацентаның төмен орнығуының екінші белгісі қандай?
2. Кювелер жатыры немесе жатыр-плацента апоплексиясының белгілері қандай?

Карточка №5

1. Плацентаның бөлінуінің неше дәрежесі ажыратылды?
2. Атония дегеніміз не?

Карточка №6

1. Плацентаның бөлінуінің жеңіл дәрежесінде қандай белгілер байқалады?
2. ДВС-ның пайда болу себебі?

Карточка №7

1. Плацентаның төмен орнығуындағы асқынулар?
2. Лабораториялық тексерулерде не анықталады?

Карточка №8

1. Әйелді дұрыс босандырса коагуляциялық ауытқулар неше сағат ішінде орнына келеді?
2. Босанудың үшінші кезеңі қалай өтеді?

Карточка №9

1. Бала жолдасының бөліну кезеңі неше дәурден тұрады?
2. Гипотония дегеніміз не?

Карточка №10

1. Босанғанан кейінгі кезеңде қан шығынының артуының себебі не?
2. Плацентаның жатыр қабырғасына жапсырылуының ауытқуы?

Карточка жауаптары:

Билет №1

1.5-7 см

2. Толық төмен орнығуы ж/е жартылай төмен орнығуы

Билет №2

- 1.Плацента ішкі мойын тесігіне жақын орнығады
2. Жатырдан қанның кетуі, ешқандай ауру сезімі болмайды, көбінесе 27/28 аптасында кездеседі.

Билет №3

- 1.Қан шығыны кенеттен пайда болып, тез тоқтап, тез қайталаынады, мөлшері 1-2 л ге дейін болуы мүмкін
- 2.Тамыр ішінде қан ұю синдромы

Билет №4

- 1.Жүктіліктің үзілу қауіпі, жүрек соғуы нашарлайды, дұрыс орналаспауы байқалады.
2. Көгерген орындар пайда болады, жатыр мрамыр сияқты жылтырлап сұрланады.

Билет №5

- 1.Жеңіл, орташа, ауыр.
2. Жатырдың жиырылу қабілеттінің жоқтығы.

Билет №6

- 1.Плацентаның бетінде ұйыған қанды жле оның жаншылған орнын байқауға болады.

2. Қанның ұю қабілетін бұзатын тромбопластимдік субстраттардың түсуі.

Билет №7

1. Геморрагиялық шок, қанның коагулопатиялық қасиеттінің бұзылуы

2. Тромбоцитопения, фибриноген жетіспеушілігі және фибринолиз анықталады.

Билет №8

1. 24 сағат

2. Бала жолдасы жатыр қабырғасынан бөлініп туылады.

Билет №9

1. Үш

2. Жатырдың жиырылу қабілеттінің төмендеуі

Билет №10

1. Қан ұю жүйесінің бұзылуы

2. Плацентаның жатыр қабырғасына тығыз және сіресе жапсырылуы.

Медициналық терминдер

Ампутация	Қан ұю жүйесінің бұзылуы
Эктирпация қабілеті жоқ	Жатырдың жиырылу
Дистракция қабырғасына тығыз	плацентаның жатыр жапсырылуы
Контракция мүшесімен ,жатырды	жатырды қосалқы
Ретракция созылуы	толық алып тастау бұлшықет талшықтарының
Кювелер жатыры қабілеті төмен	Жатырдың жиырылу
Placenta adharens бір-бірімен	бұлшықет талшықтарының
Placenta accreata мүшесіз, тек жатыр	жанама жылжуы жатырды қосалқы
тастау	мойнын қалдырып алып
Гипотония талшықтарының	жатыр бұлшықет жиырылуы
Атония апоплексиясы	Жатыр-плацента
Коагулопатия қабырғасына сіресе	плацентаның жатыр жапсырылуы

Медициналық терминдер

Ампутация	Қан ұю жүйесінің бұзылуы
Эктирпация қабілеті жоқ	Жатырдың жиырылу
Дистракция қабырғасына тығыз	плацентаның жатыр жапсырылуы
Контракция мүшесімен ,жатырды	жатырды қосалқы
Ретракция созылуы	толық алып тастау бұлшықет талшықтарының
Кювелер жатыры қабілеті төмен	Жатырдың жиырылу
Placenta adharena бір-бірімен	бұлшықет талшықтарының
Placenta accreata мүшесіз, тек жатыр	жанама жылжуы жатырды қосалқы
тастау	мойнын қалдырып алып
Гипотония талшықтарының	жатыр бұлшықет жиырылуы
Атония апоплексиясы	Жатыр-плацента
Коагулопатия қабырғасына сіресе	плацентаның жатыр жапсырылуы

Бала жолдасы және босанғаннан кейінгі ерте кезеңдегі қан ағу Графикалық диктант

1. Босанғаннан кейінгі ерте кезеңдегі қан ағуға босанғаннан кейінгі алғашқы 24 сағатта кететін қан ағу жатады:

Иә

2. Босанғаннан кейінгі қан ағу –табиғи жолмен босану кезінде 500 мл және одан артық мөлшерде, ал кесар тілігі кезінде 1000 мл және одан артық мөлшерде қан жоғалту:

Иә

3. Төрт базалық этиологиялық үрдістің біреуінің бұзылысын білдіретін босанғаннан кейінгі қан ағудың себебі «4 Т»: тонус, тін, травма, тромбин:

Иә

4. Гипотония -миометрийдің толық жиырылу қабілетін жоғалтқан жатырдың жағдайын білдіретін термин:

Жоқ

5. Жатыр қуысында бала жолдасы қалдығының қалуы бала жодасы кезеңіндегі қан ағудың болып табылады:

Жоқ

6. Жатырдың гипотониясы және атониясы босанғаннан кейінгі ерте кезеңдегі қан ағудың себебі:

Иә

7. Жатыр қуысында бала жолдасы қалдықтарының қалуы жатырды қолмен тексеру және оны шығаруға көрсеткіш болып табылады:

Иә

8. Құрсақ қолқасын басу қан ағуды уақытша тоқтату әдісі болады:

Иә

9.Placenta increta – бұл хорион бүрлерінің жатырдың бұлшықет қабатына түгел және сірлі қабатына өтіп өсуі

Жоқ

10. Тығыздалған, жақсы жиырылған жатырдан қан ағу-жатырдың гипотониясын білдіреді

Жоқ

Бала жолдасы және босанғаннан кейінгі ерте кезеңдегі қан ағу

Тест :

1.Босанған әйелде босанғаннан кейінгі ерте кезеңде жатыры жұмсақ, қан шығыны 900 мл, АҚҚ 90/50 мм.с.б.б., пульсі минутына 100 ретті, Нв-90 г/л, гематокрит — 30%, дене салмағы- 70 кг. Сіздің диагнозыңыз:

- А) Босанғаннан кейінгі ерте кезең. Геморрагиялық шок, I сатысы
- Б) Босанғаннан кейінгі ерте кезең. Геморрагиялық шок, II сатысы
- В) Босанғаннан кейінгі ерте кезең. Геморрагиялық шок, III сатысы
- Г) Босанғаннан кейінгі ерте кезең. Гипотониялық қан ағу. Геморрагиялық шок, I сатысы.
- Д) Босанғаннан кейінгі ерте кезең. Коагулопатиялық қан ағу. Геморрагиялық шок, II сатысы

2. Босанушы әйелде босанғаннан 30 минуттан кейін бала жолдасының бөліну белгілері болмады. Плацентаны қолмен бөлу кезінде плацентаның толық бітісіп өсуі байқалды.

Дәрігердің тактикасы:

- А) жатырдың экстирпациясы
- Б) жатырдың қынапүстілік ампутациясы
- В) 1 сағаттың ішінде күту әдісі
- Г) окситоцинді көктамыршілік енгізу
- Д) метилэргометринді көктамыршілік енгізу

3. Босанудан кейінгі кеш кезеңдегі қан ағудың негізгі себебі:

- А) ТІШҚҰ-синдромы
- Б) жатырдың атониясы
- В) жатыр мойнының жыртылуы
- Г) плацента тінінің қалдығы
- Д) қынаптың жыртылуы

4. Ірі нәресте босанған әйелде жыныс жолдарынан қою ұйындыларымен қан ағу басталды, жатыр кейде босаңсиды,

кейде жиырылады. Қан шығыны 700,0 және жалғасып жатыр. Болжамды диагноз:

- А) ТІШҚҰ синдромы
- Б) жатыр гипотониясы
- В) жатыр атониясы
- Г) қынаптың жыртылуы
- Д) аралықтың жыртылуы

5. Ірі нәресте босанған әйелде босанғаннан кейінгі ерте кезеңде үздіксіз қан ағу басталды. Жатыры тығыз, бала жолдасы бүтін. Болжамды диагноз:

- А) ТІШҚҰ синдромы
- Б) жатыр гипотониясы
- В) жатыр атониясы
- Г) босану жолдарының жарақаты
- Д) плацентаның шынайы бітісіп өсуі

6. Гемоглобиннің мына деңгейден төмен болуы гемотрансфузия жасау үшін көрсеткіші болады:

- А) 90г/л
- Б) 80 г/л
- В) 70 г/л
- Г) 60 г/л
- Д) 50 г/л

7. Босанған әйелде босанғаннан кейінгі ерте кезеңде жатыры жұмсақ, утеротониктерді және бимануальді компрессияны жүргізгенде де жиырылмайды. Қан шығыны 900 мл және жалғасып жатыр. Болжамды диагноз:

- А) ТІШҚҰ — синдром
- Б) жатыр атониясы
- В) жатыр мойының жыртылуы
- Г) қынаптың жыртылуы
- Д) аралықтың жыртылуы

8. Босанған әйелде босанғаннан кейінгі ерте кезеңде жатырдың атониясы диагностикаланды, қан шығыны 900 мл және жалғасып жатыр. Дәрігерлік тактика:

- А) жатыр қуысын диагностикалық қыру
- Б) лапаротомия, гистерэктомия
- В) 1000 мг мизопростолды тік ішекке енгізу
- Г) ішкі мықын артериясын байлау
- Д) жатырды қолмен тексеру

9. Плацентаның шынайы толық бітісіп өсуіне күдік туғанда дәрігердің тактикасы қандай:

- А) бала жолдасын қолмен бөлу және оны шығару
- Б) Абуладзе бойынша бөліп шығару
- В) Креде-Лазаревич бойынша бөліп шығару
- Г) лапаротомия, компрессионді гемостатикалық тігіс салу
- Д) операциялық бөлме дайын тұрғанда бала жолдасын қолмен бөліп шығару, сәтсіз болған жағдайда — лапаротомия, жатыр ампутациясын жасау

10. Босанғаннан кейінгі ерте кезеңде қан ағудың негізгі себебі:

- А) ТІШҚҰ-синдром
- Б) жатыр гипотониясы

- В) жатыр мойнының жыртылуы
- Г) плацентарлық тіннің қалдығының қалуы
- Д) қынаптың жыртылуы

Бала жолдасы және ерте босану кезеңіндегі қан ағу

тест жауаптары

1. Г
2. Б
3. Г
4. Б
5. Г
6. В
7. Б
8. Б
9. Д
10. Б

Жүктіліктің I жартысындағы қан кету. Ерте түсік

РОЛЬДІК ОЙЫН

Оқушылар рольдерге бөлініп алған теориялық және практикалық білімдерін рольдік ойын арқылы анықтау.

Жүкті әйел:

Қан кетуіне , ішінің төменгі жағынан ауруына, шағымданады.

Учаскелік акушерка:

Төл құжатты толтырады, қан қысымын өлшейді. Жедел жәрдем шақырады.

Учаскелік дәрігер акушер-гинеколог:

Шағымдарын сұрайды, анамнез жинайды, тамыр соғысын санайды. Диагноз қойып науқасқа гинекология бөлімшесіне жолдама толтырады.

Фельдшер:

Жүкті әйелді аурухананың гинекология бөлімшесіне апарды.

Гинекология бөлімшесінің медбикесі:

Ауру тарихын толтырады, дәрігерді шақырады. Дәрігер жүкті әйелді қарайды. Шағымдарын сұрап анамнез жинайды. Әйелді креслоға жатқызып, бимануальды тексеру жүргізеді. УДЗ-ға жолдама жазып береді. Медбикеге әйелді УДЗ-ға алып баруын ескертеді. Жолдамамен қайта келуін айтады.

Акушерка:

УДЗ-ға түсіп, нәтижесін алып келеді. Диагнозы: Түсік қаупі.

Дәрігер:

Жүктілікті сақтау керектігін айтады. көк тамырдан биохимиялық зерттеуге қан алуды. Қан тобын резус факторын анықтау керектігін айтады..

Акушерка:

қан қысымын өлшеп, тамыр соғысын санайды.лаборантты шақырады.

Лаборант: Жалпы қан анализге саусақпен қан алады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.